## 2000 жылдың 23 мамырында Астана қаласында өтетін Қазақстан- британ сауда-өнеркәсіптік кеңесінің (ҚБСӨК) алтыншы отырысына дайындалу және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 18 мамыр N 742

Қазақстан-британ сауда-өнеркәсіптік кеңесінің (бұдан әрі - Кеңес) алтыншы отырысына дайындалу және өткізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Кеңестің отырысына дайындалу жөніндегі протоколдық-ұйымдастырушылық іс-шараларын орындауды қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне Кеңестің алтыншы отырысын өткізуге 2000 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығыстар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың есебінен, сметаға сәйкес (қосымша) қаражат бөлсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылдың 18 мамырдағы
N 742 қаулысына
қосымша

Қазақстан-британ сауда-өнеркәсіптік кеңесінің (ҚБСӨК) алтыншы
отырысын өткізуге арналған шығыстардың сметасы
(Астана қаласы, 2000 жылдың 23 мамыры)

----------------------------------------------------------------------
N ! Іс-шараның атауы ! Сомасы (теңгемен)
р/с! !
----------------------------------------------------------------------
1. "Окан-Интерконтиненталь-Астана" қонақ үйінің 129.600

конференц-залын жалдау
("Стамбул" залы - 400 АҚШ долл.,
"Мәскеу" залы - 250 АҚШ долл.,
"Лондон" залы - 250 АҚШ долл. есебімен)

2. Буфеттік қызмет көрсету 66.240
Бір адамға 5 АҚШ долларына 2 кофе-брейк есебімен (46 адам)

3. ҚБСӨК-тің тең төрағасы - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы Қ.Б. Саудабаевтың атынан ҚБСӨК-тің тең төрағасы - "Бритиш Газ Интернешнл" компаниясының вице-президенті Ч. Бландтың құрметіне ресми түстік ас 1 адамға 6500 теңге есебімен (46 адам) 299.000

4. Ескерткіш сыйлықтар 48.000

Жиыны 542.840

---------------------------------------------------------------------------

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК